

Шымкент қаласы білім
басқармасы
«№ 136 жалпы орта білім
беретін мектебі»
шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное
предприятие на праве
хозяйственного ведения
«Общеобразовательная средняя
школа № 136»
управления образования
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

БҰЙРЫҚ № 249
2025 жылғы 16 қыркүйек
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ № 249
16 сентябрь 2025 год
город Шымкент

Ата – аналар комитетінің құрамын бекіту туралы

- Ата- аналар комитетінің жұмысын жандандыру және мектеп
ұжымымен бірігіп жұмыс жасау, мектеп пен отбасын нығайту, ата-
аналар жауапкершілігін арттыру мақсатында мына төмендегі ата-
аналар комитетінің құрамының бекітілуін **БҰЙЫРАМЫН:**



№	Ата- ананың аты- жөні	Атқаратын қызметі	Жұмыс орны	Сымтетігі	Мекен - жайы
1	Бекишова К.	Ата аналар комитетінің төрайымы	136 ЖОББМ Кіші қызметкер	87752636503	Ә.Абдраманов 63
2	Жакипова М.М.	Ата- аналар комитетінің мүшесі	жұмыссыз	87716686806	Самал 3, Тәжібаев 16 -91 А
3	Кужумова А.	Ата- аналар комитетінің мүшесі	Абай кітапханасы	87012781710	Самал 3 Тәжібаев 16-79

- Ата- аналар комитеті құрамымен тығыз байланыс жасауды ДТЖЖО
М.С.Умбетова мен Б.А.Ибрагимовқа жүктелсін.

Мектеп директоры

Бұйрықпен таныстым:

Л.Н.Мырзакасымова

Бекітемін
Мектеп директоры
Л.Н.Мырзакасымова



**№136 жалпы орта білім беретін мектебі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорнында жалпы ата-аналар жиналысының жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы**

№	Орындалатын жұмыстар	Мерзімі	Жауаптылар
1	<u>1 – жиналыс</u> Тақырыбы: «Бала қауіпсіздігі басты назарда» «Бала қауіпсіздігі» бейнеролик Ата - аналар комитетінің құрамын қайта бекіту . Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру. Әр түрлі мәселелер. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бойынша түсіндіру жұмыстары	қыркүйек	Мектеп әкімшілігі ДТЖЖО Б.Ибрагимов М.С.Умбетова Сынып жетекшілер
2	<u>2 – жиналыс</u> Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі-ата-ананың жауапкершілігі» 1.Дарынды балалармен жұмыс озат тәжірибе және нәтиже. 2 Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға арналған психологиялық тренингтер І тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі. 2016 жылғы 16 қаңтардағы №26 бұйрық негізінде мектеп формасына қойылатын талаптардың орындалуын қадағалау және діни атрибуттары бар киімдермен келетін оқушылардың ата-аналарына түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	қараша	ДТЖЖО Б.Ибрагимов М.С.Умбетова ДОЖЖО Л.А.Лесбаева М.Есмурзаева Мектеп психологы С.Закирова Ж.Жоланова

3	<u>3-жиналыс</u> Тақырыбы: «Бала біздің ертеңіміз» 1 .Ата-аналармен олардың балаларының денсаулығы туралы сұхбаттасу, қазіргі таңдағы жасөспірімдер арасында жиі кездесетін ауру түрлері жайлы мәлімет беру «Дені сау бала-болашақ жемісі» 2 II тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі 1.4,9,11-сынып оқушыларының ББЖМ-ға, ҰБТ-ға дайындықтарын дұрыс ұйымдастыру. 3.ҚР Неке және отбасы туралы заңы. Некенің бұзылуы және баланың мүліктік құқығы. Баланың мемлекет көмегіне құқығы. 4.Ерекше назардағы балалардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмысын талқылау.	қаңтар	ДТЖЖО Б.А.Ибрагимов М.С.Умбетова Мектеп психологы С.Закирова А.Жоланова Мектеп әкімшілігі ДОЖЖО Л.А.Лесбаева М.Есмурзаева
4	<u>4-жиналыс</u> Тақырыбы: «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы еңбек пен ата-ана үлгісі» 1 «Қылмыс – қоғамдағы қауіпті әрекет» Ішкі істер қызметкерлерін қатыстыра отырып, атааналарға құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу 2 «Кәсіптік білім беру-бүгінгі күннің басты талабы» 3 «Жарасымды жанұя» /семинар - тренинг	наурыз	ДТЖЖО Б.А.Ибрагимов, М.С.Умбетова Мектеп психологы Л.А.Лесбаева М.Есмурзаева
5	<u>5-жиналыс</u> Тақырыбы: «Отбасы мен мектептің өзара қатынасының тиімділігі» 1 2025-2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі 2 Жалпыұлттық ата-аналар жиналысын өткізу 3 Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету.	мамыр	ДТЖЖО Б.А.Ибрагимов, М.С.Умбетова, ДОЖЖО Д.Бозшабаева

ДТЖЖО  Б.А.Ибрагимов
 М.С.Умбетова

Бекітемін
Мектеп директоры
Л.Н.Мырзакасымова



№136 жалпы орта білім беретін мектебі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында 2025-2026 оқу жылына арналған ата-аналар комитетімен жүргізілетін жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Нәтиже
1	1.Өткен оқу жылының қорытындысы, жаңа 2024 – 2025 оқу жылының міндеттері. 2.Ата- аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту. 3. Отбасы – тәрбиенің басты ұясы!» бейнеролик	қыркүйек	Мектеп директоры Л.Н.Мырзакасымова ДТЖЖО Б.Ибрагимов М.С.Умбетова мектеп әкімшілігі	хаттама, фото
2	1.Оқушыларды мектепке қабылдау, оқыту және шығару тәртіптері. Мектеп ережелерімен таныстыру. 2. Ағымдағы мәселелер. 3.«Бірінші сынып оқушылары мен ата-аналарына психологиялық көмек» 4.Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталықтарының жұмысын жандандыру.	қыркүйек	Ата-аналар комитетінің төрайымы К.А.Бекишова Педагог-психолог С.Закирова Сынып жетекшілер	ақпарат

3	Қауіпсіздік сабағының өту барысы жайлы сауалнама алу. 1. Мектепте жүргізілген тәрбиелік шаралардың оқушылар тәрбиесіне тигізер ықпалы.	қазан	Мектеп әкімшілігі ата-аналар комит. К.А.Бекишова	анықтама
4	Аптаның сәрсенбі күні «Ашық есік күнін» өткізу.	қараша ақпан	ДТЖЖО: Б.А.Ибрагимов М.С.Умбетова	Анықтама фото
5	Ата-аналар жиналысы: 1. I жарты жылдық қорытындысы 2. «Мектеп ,ата-ана,бала арасындағы байланыс» 3.Ағымдағы мәселелер	желтоқсан	Мектеп әкімшілігі ДТЖЖО: Б.А.Ибрагимов	Хаттама
6	1.Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру,бірлескен жұмыстар 2. Ағымдағы мәселелер.	желтоқсан	ДТЖЖО М.С.Умбетова Педагог.ұйым. А.Қасымбек 1-11 сынып жетекшілері	мерекелік шара
7	1.Ата-аналар комитетінің отырысы 2. Наурыз мерекесін ұйымдастыру бірлескен жұмыстар 3. «Балаларға тәрбие мен білім беруде ата-аналардың құқықтары ма,міндеттері ме?»	наурыз жыл бой	Сынып жетекшілері ата-аналар комитетінің төрайымы	хаттама мерекелік шара
8	«Біз баламызды білеміз бе?» Сауалнама	сәуір	Мектеп психологы С.Закирова А.Жоланова	әзірleme
9	Мектеп бойынша тәрбиеге қиындық келтіретін балаларды анықтау , ата – аналармен байланыс жасау . 11 сынып оқушыларын ҰБТ – ға дайындық	жыл бойы	ДТЖЖО Б.А.Ибрагимов, М.С.Умбетова	анықтама

	жұмыстарына ата - аналардың жауапкершілігін арттыру.		әлеуметтік педагог Б.Кадиркулова мектеп әкімшілігі, сынып жетекіштері	
10	1. Жалпы ата-аналар жиналысы 2. «Ата- аналар университеті» ата- аналарға педагогикалық және психологиялық консультацияны ұйымдастыру. 3. Жазғы демалыс	мамыр жыл бойы	Мектеп директоры Л.Н.Мырзакасымова мектеп әкімшілігі Пед.психологтары С.Закирова А.Жоланова Ата-ана комитетінің төрайымы К.А.Бекишова	хаттама, ақпарат

ДТЖЖО  Б.А.Ибрагимов
 М.С.Умбетова

Шымкент қаласы білім
басқармасы
«№ 136 жалпы орта білім
беретін мектебі»
шаруашылық жүргізу
құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны



Коммунальное
государственное предприятие
на праве хозяйственного
ведения
«Общеобразовательная
средняя
школа № 136»
управления образования
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

ХАТТАМА №1

Күні: 08.09.2025ж.

Өткізілген орны: Мәжіліс залы

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, ата-аналар, сынып жетекшілер

Өткізілген орны: мәжіліс залы

Тақырыбы:

«Бала қауіпсіздігі басты назарда»

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Бала қауіпсіздігі» бейнеролигін көрсету және түсіндіру жұмысы
2. Ата-аналар комитетінің құрамын қайта бекіту
3. Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру
4. Әр түрлі мәселелер
5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмысы.

2025 жылдың 08 қыркүйек күні жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: жауапты және позитивті ата-аналықты қалыптастыруға ықпал ету, балаларды тәрбиелеуде ата-аналар комитеттерінің белсенділігін арттыру, ата-аналарды мектептің өміріне тарту.

Сөйледі: Л.Мырзакасымова—мектеп директоры:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы аясында жаңа оқу жылындағы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы—әділетті, жауапкершілікті, еңбекқор және отаншыл ұрпақ тәрбиелеудің негізі мен баланың адал азамат болып өсуі үшін мектеппен бірге отбасы мен қоғамның белсенді қатысуы қажеттігі туралы айтып өтті.

Биылдан бастап ата-аналар комитетінің жұмысы трансформацияланып, ата-аналар тек көмекші емес, мектеп өмірінің белсенді бастамашысына

айналып отыр. Яғни, мектептегі «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы мен «Даналық мектебі» клубының ай сайынғы бала тәрбиесіне арналған сабақтар, тренингтер мен кеңестерге белсенді қатысуға шақырды.

Ата-аналарға баланың өмірлік қауіпсіздігі—ата-ана мен мектептің ортақ жауапкершілігі туралы түсіндіріп, мектепте апта сайын «Қауіпсіздік сабағы» өткізілсе, үйде де балаға сақтық ережелері үнемі түсіндіріліп отыруы қажет екендігін атап өтті.

Тыңдалды:Б.Ибрагимов—директордың тәрбиежұмысы жөніндегі орынбасары: Бала тәрбиесі—ортақ міндет, сондықтан ата-аналар комитеті мен мүшелерінің белсенділігі қазіргі заман талабына сай болуы, мектеп пен отбасының тәрбиелік бірлігін қамтамасыз етіп, білім сапасын арттыру мен балалардың қауіпсіздігіне, жоспарлы жиналыстар мен кездесулерге атсалысуға шақырды.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 449-бабына сәйкес, 22:00-ден таңғы 06:00-ге дейін кәмелетке толмаған балаға ата-анасының немесе заңды өкілінің еріп жүруінсіз көшеде немесе қоғамдық орындарда жүруіне тыйым салынатындығын ескертті.

Сонымен қатар, ата-аналарға материалдық көрсеткіштер мен сән салтанатқа мән беруі, балалардың қарапайымдылық пен құндылықтарды түсуіне, ата-аналардың тәрбиеге үлгі болуы керектігін түсіндірді.

Мектептің «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұлттық киім, отбасы дәстүрлері, әке мен ананың рөлі туралы іс-шаралар ұйымдастырылып, балаларға патриотизм мен рухани құндылықтарды арттыруға бағытталған. Сыбайлас жемқорлық — бұл лауазымды тұлғалардың өз қызметін жеке пайдасы үшін теріс пайдалануы. Мұндай әрекеттер қоғамның дамуына, балаларымыздың болашағына кері әсерін тигізеді. Сондықтан әрбір ата-ана өз отбасында, балаларына адалдық пен әділдіктің үлгісін көрсетуі қажет. Сондықтан, ата-аналар балаларға ысырапшылдыққа жол бермей, түрлі мерекелерден кейінгі қымбат отырыстар ұйымдастырып, мектепте ақша жинауға жол берілмейтіндігін ескертіп, бала материалдық байлықты емес, адами құндылықтарды, ғылым мен білімді ұлықтауы үшін өз үлгі-өнегеміз арқылы тәрбиелеуді ұсынды.

Бала тәрбиесіндегі алғашқы ұстаз ата-ана. Жанұяда жақсы қасиеттер балаға сөзбен, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Өзің жұмыс істеп жүргенде балаңның қолынан келетін ісіне жағдай туғызу, оның үйренуіне көмектесуге берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындалуын төзімділікпен бақылау қажеттігін, істеген ісін ұқыпты, тындырымды орындауына бағыт беріп, жақсы ісін мадақтап, теріс қылығын оң етіп түсіндіруді айтты.

Сондай-ақ, балаға теріс әсер ететін жанұядағы жанжалдар, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, баланың көзінше арақ ішу сияқты жағдаяттарды түсіндіріп, баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарытуға, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру қажеттігін, табиғат сыйлаған дарыны болса оны дамытып, дұрыс білім алуына жағдай жасап, тығыз қарым-қатынаста, сүйіспеншілікпен қарауды ұсынды.

Ата-аналарға түсіндірілді:

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне мүлдем төзбеушілік таныту кажет;

Мектепте немесе өзге мекемелерде пара беру немесе алу әрекеттері заң бойынша қатаң жазаланатыны туралы;

Балаларды адал еңбектің, таза ниеттің, әділ жолмен жетістікке жетудің маңыздылығына тәрбиелеу керек екені атап өтілді;

«Адал ұрпақ», «Саналы ұрпақ» жобалары туралы және олардың қоғамға беретін үлесі айтылды.

Сонымен қатар, бала тәрбиесіне көңіл бөліп, мектеп пен отбасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында ата - аналар комитетін сайлады. Ата - аналар комитетінің төрайымы болып К.Бекишова сайланды. Көмекшілері А.Кужумова және М.Джакупова сайланды.

Сөйледі: К.Бекишова ата-ана комитеті

Ата-ана комитеті өз сөзінде балалардың білімі мен тәрбиесіне бірге атсалысып, бірлескен әрекетпен баланың болашағына көңіл бөлуге ата-аналарды шақырды.

Әр түрлі мәселелер қаралды, ата-аналар ұсыныстары тыңдалды.

Қаулы қабылданды:

1. «Бала қауіпсіздігі» ережелерін ата-аналар мен оқушылар арасында үнемі насихаттау.
2. Ата-аналар комитетінің жаңа құрамымен жұмыс жүргізу.
3. Мектептің ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтау.
4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жалғастыру.

Мектеп директоры
Хатшы



Л.Мырзакасымова
М.Данакабаева

Шымкент қаласы білім
басқармасы
«№ 136 жалпы орта білім
беретін мектебі»
шаруашылық жүргізу
құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны



Коммунальное
государственное предприятие
на праве хозяйственного
ведения
«Общеобразовательная
средняя
школа № 136»
управления образования
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

ХАТТАМА №1

Күні: 18.09.2025ж.

Өткізілген орны: Мәжіліс залы

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, ата-аналар, сынып жетекшілер

Өткізілген орны: мәжіліс залы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Ата-аналар комитетінің қызметін үйлестірудің ерекшеліктері».
2. «Ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау».
3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын -алу

2025 жылдың 18 қыркүйек күні ата-аналар комитетінің I отырысы ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты: жауапты және позитивті ата-аналықты қалыптастыруға ықпал ету, балаларды тәрбиелеуде ата-аналар комитеттерінің белсенділігін арттыру, ата-аналарды мектептің өміріне тарту.

Сөйледі: Л.Мырзакасымова—мектеп директоры:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы аясында жаңа оқу жылындағы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы—әділетті, жауапкершілікті, еңбекқор және отаншыл ұрпақ тәрбиелеудің негізі мен баланың адал азамат болып өсуі үшін мектеппен бірге отбасы мен қоғамның белсенді қатысуы қажеттігі туралы айтып өтті.

Биылдан бастап ата-аналар комитетінің жұмысы трансформацияланып, ата-аналар тек көмекші емес, мектеп өмірінің белсенді бастамашысына айналып отыр. Яғни, мектептегі «Ата-аналарды педагогикалық қолдау

орталығы мен «Даналық мектебі» клубының ай сайынғы бала тәрбиесіне арналған сабақтар, тренингтер мен кеңестерге белсенді қатысуға шақырды.

Ата-аналарға баланың өмірлік қауіпсіздігі—ата-ана мен мектептің ортақ жауапкершілігі туралы түсіндіріп, мектепте апта сайын «Қауіпсіздік сабағы» өткізілсе, үйде де балаға сақтық ережелері үнемі түсіндіріліп отыруы қажет екендігін атап өтті.

Тыңдалды: Б.Ибрагимов—директордың тәрбиежұмысы жөніндегі орынбасары:

Бала тәрбиесі—ортақ міндет, сондықтан ата-аналар комитеті мен мүшелерінің белсенділігі қазіргі заман талабына сай болуы, мектеп пен отбасының тәрбиелік бірлігін қамтамасыз етіп, білім сапасын арттыру мен балалардың қауіпсіздігіне, жоспарлы жиналыстар мен кездесулерге атсалысуға шақырды.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 449-бабына сәйкес, 22:00-ден таңғы 06:00-ге дейін кәмелетке толмаған балаға ата-анасының немесе заңды өкілінің еріп жүруінсіз көшеде немесе қоғамдық орындарда жүруіне тыйым салынатындығын ескертті.

Сонымен қатар, ата-аналарға материалдық көрсеткіштер мен сән салтанатқа мән беруі, балалардың қарапайымдылық пен құндылықтарды түсуіне, ата-аналардың тәрбиеге үлгі болуы керектігін түсіндірді.

Мектептің «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұлттық киім, отбасы дәстүрлері, әке мен ананың рөлі туралы іс-шаралар ұйымдастырылып, балаларға патриотизм мен рухани құндылықтарды арттыруға бағытталған. Сондықтан, ата-аналар балаларға ысырапшылдыққа жол бермей, түрлі мерекелерден кейінгі қымбат отырыстар ұйымдастырып, мектепте ақша жинауға жол берілмейтіндігін ескертіп, бала материалдық байлықты емес, адами құндылықтарды, ғылым мен білімді ұлықтауы үшін өз үлгі-өнегеміз арқылы тәрбиелеуді ұсынды.

Бала тәрбиесіндегі алғашқы ұстаз ата-ана. Жанұяда жақсы қасиеттер балаға сөзбен, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызу, оның үйренуіне көмектесуге берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындалуын төзімділікпен бақылау қажеттігін, істеген ісін ұқыпты, тындырымды орындауына бағыт беріп, жақсы ісін мадақтап, теріс қылығын оң етіп түсіндіруді айтты.

Сондай-ақ, балаға теріс әсер ететін жанұядағы жанжалдар, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, баланың көзінше арақ ішу сияқты жағдаяттарды түсіндіріп, баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарытуға, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру қажеттігін, табиғат сыйлаған дарыны болса оны дамытып, дұрыс білім алуына жағдай жасап, тығыз қарым-қатынаста, сүйіспеншілікпен қарауды ұсынды.

Сыбайлас жемқорлық — бұл лауазымды тұлғалардың өз қызметін жеке пайдасы үшін теріс пайдалануы. Мұндай әрекеттер қоғамның дамуына, балаларымыздың болашағына кері әсерін тигізеді. Сондықтан әрбір ата-ана өз отбасында, балаларына адалдық пен әділдіктің үлгісін көрсетуі қажет.

Ата-аналарға түсіндірілді:

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне мүлдем төзбеушілік таныту қажет;

Мектепте немесе өзге мекемелерде пара беру немесе алу әрекеттері заң бойынша қатаң жазаланатыны туралы;

Балаларды адал еңбектің, таза ниеттің, әділ жолмен жетістікке жетудің маңыздылығына тәрбиелеу керек екені атап өтілді;

«Адал ұрпақ», «Саналы ұрпақ» жобалары туралы және олардың қоғамға беретін үлесі айтылды.

Сонымен қатар, бала тәрбиесіне көңіл бөліп, мектеп пен отбасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында ата - аналар комитетін сайлады. Ата - аналар комитетінің төрайымы болып К.Бекишова сайланды. Көмекшілері А.Кужумова және М.Джакупова сайланды.

Сөйледі: К.Бекишова ата-ана комитеті

Ата-ана комитеті өз сөзінде балалардың білімі мен тәрбиесіне бірге атсалысып, бірлескен әрекетпен баланың болашағына көңіл бөлуге ата-аналарды шақырды. Сонымен қатар, мектепішілік іс-шараларға белсенді қатысатындығын айтты.

Шешім:

1. Мектеп пен ата-ананың адал азамат тәрбиесіндегі ынтымақтастығы жандандырылсын.
2. Сыныптағы жағымды ахуал мен қолайлы орта қалыптастырылсын.
3. Сыныптың ата-аналар комитетінің төрайымы К.Бекишова, көмекшілері А.Кужумова және М.Джакупова сайлансын.

Хатшы

Ата-ана комитеті




М.Данакабаева

К.Бекишова

Ата-аналар комитеті туралы ереже

1. Жалпы ереже

Ата-аналар комитеті мектеп пен отбасына балаға орта білім және тәрбие беруді ұйымдастыруға көмектесу мақсатымен құрылады. Ата-аналар комитеті мұғалімдер ұжымына, оқушыларға ғылым негіздерін игеруге, жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке, ұйымшылдық пен тәртіпке, өзін-өзі ұстау мәдениетіне, құқықтық, эстетикалық салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеуге, олардың денсаулығын қорғауға көмектеседі.

Ата-аналар комитеті өз жұмысында ата-аналар комитеті туралы нұсқауын, жиналыстардың жоспарын, шешімдерін, педкеңестің, мектеп-лицей директорының, сынып жетекшілердің нұсқауларын, ұсыныстарын негізге алады.

2. Ата-аналар комитетінің міндеттері:

- мұғалімдер ұжымы мен отбасының бала тәрбиесіндегі біртұтас жүйесін қалыптастыруға көмектесу;
- ата-аналарды мектеп өміріне белсендірек қатысуға тарту, ата-аналар мен көпшілік отбасында педагогикалық насихатты ұйымдастыру;
- мектептің шаруашылық және оқу – материалдық базасын нығайтуға көмектесу;
- әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған оқушыларға көмектесу.

Бала тәрбиесі – баршаға ортақ. Жас ұрпақ бойында жақсы қасиет, адамдық құндылық, талғам мен талантты жетілдіру ата-ана мен мұғалімнің басты міндеті. «Тәрбие - адам тағдырын шешетін ұлы іс», - деп В.Г.Белинский айтқандай, тәрбиеге, соның ішінде бала тәрбиесіне бейжай қарауға болмайды.

Бұл–мектеп пен отбасы арасындағы педагогикалық – психологиялық ахуалдың жақсаруына алып келеді. Әрбір ата-ана еліміздің болашағының жарқын болуы үшін, балаларын тәрбиелей отырып атсалысады. Ол үшін баланы тәрбиелеушінің өзі тәрбиелі болуы тиісті. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген ұлағатты сөз соның айғағы. Саналы тәрбие, сапалы білім баланың ертеңіне даңғыл жол ашады. Адам өмірінің алтын бесігі – мектеп қабырғасында өткен жылдар. Бұнда бала

жаңа өмірдің заңдылықтарын үйренеді. Мектеп ұжымына ата-ананы көмегі ауадай қажет. Мектеп пен ата-ана арасындағы сыпайы сыйластық үндесіп жатса бала тәрбиесі жақсы болары сөзсіз.

ҚР «Білім туралы» Заңының 38-бабына сәйкес ата-аналармен жоспарлы түрде жұмыс жүргізіледі. Оқушы-мұғалім, оқушы-ата-ана, мұғалім-ата-анна - адамгершілікке бағытталған тұлғааралық қатынасты қалыптастыруға күш салатын үштік одақ. Ата-ана мектеппен байланысын күшейтуі арқылы ғана бала тәрбиесінде жақсы жетістікке қол жеткізе алатыны ақиқат. Ал, ата-ана мен ұстаздар арасындағы қарым-қатынасынан біз тамаша нәтиже күтеміз. Бар әдемілік пен әдептілікті бойына жинаған, халықтық тәрбиемен сусындаған, өз отбасына, өз ұстаздарына, өз мектебіне, сыныптас достарына, еліне құрмет сезімі қалыптасқан жеке тұлға қалыптастыра аламыз.

Ата-аналар мәдени іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету жұмыстары ата-аналардың мектеп өмірімен жақындасуына, танысуына және өз баласының даралық қасиеттерін тануына зор ықпал етеді. Жалпы ата-аналармен байланыс жасаудың олармен ынтымақтастықты нығайтудың, ең бастысы ұрпақ тәрбиесіндегі бірліктің негізі дей отырып ата-аналармен бірлесіп жүргізілетін жұмыстардың мақсаты мен міндеттері: мектеппен отбасы арасындағы ынтымақтастық жүйесін құру; білім беру үрдісінің қатысушылары ретінде оқушылар мен ата-аналардың, мұғалімдердің белсенділігін қалыптастыру; оқушылар мен ата-аналардың бойында отбасылық құндылықтары мен дәстүрлерінің маңыздылығын қалыптастыру мен дамыту арқылы оқушылардың оқу құзыреттіліктерін арттыру; оқушылар мен ата-аналарды және мұғалімдерді іс-шараларға белсенді қатыстыру арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру; өзін-өзі басқару органдары арқылы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту; салауатты өмір салтының беделін арттыру.